«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН
№
Бастапқы тіркелген күні
20 ж. «» 18

Астана қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 1 қарашасындағы
№ 106- 3108 Қаулысына
24 қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
«Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның
Жарғысы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мемлекеттік кәсіпорынның үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Астана қаласының әкімдігі (бұдан әрі - Әкімдік) болып табылады.

3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Әкімдік жүзеге асырады.

4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады.

5. Кәсіпорынның толық атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның қысқартылған атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК.

6. Кәсіпорынның орналасу мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000. Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Тұрар Рысқұлов көшесі, № 8/1 үй.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

Scanned with CamScanner

заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа «Жедел медициналық жәрдем шақыру» мемлекеттік қызметін көрсету болып табылады.

13. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) шақыруларды диспетчерлеу және ақпараттық жүйелер арқылы жедел медициналық жәрдем бригадаларын басқару;

2) диагностика мен емдеу хаттамаларына сәйкес тәулік бойы жедел медициналық жәрдем көрсету;

3) жедел медициналық жәрдем станциясына тікелей көмекке жүгінген науқастар мен зардап шеккендерге медициналық жәрдем көрсету;

4) халыққа жедел медициналық көмек көрсету бойынша медициналық ұйымдармен жұмыста сабақтастықты қамтамасыз ету;

5) медициналық ұйымдарға және халыққа жедел медициналық жәрдем көрсету сұрақтары бойынша консультациялық көмек көрсету;

6) жедел медициналық жәрдем станциясының қызмет көрсету аймағындағы барлық төтенше жағдайлар мен өндірістік жарақаттар туралы денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарын және тиісті органдарды хабардар ету;

7) төтенше жағдайлардың салдарын жоюда секторараллық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауға қатысу.

8) медициналық, оның ішінде ақылы негізде мәдени-бұқаралық, қоғамдық және спорттық іс-шараларды қамтамасыз ету;

9) науқастарды тасымалдау бойынша ақылы медициналық қызметтер көрсету;

14. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық күзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі уәкілетті органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе Әкімдіктің, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-гарау. Кәсіпорынды басқару

16. Әкімдік:

Scanned with CamScanner

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті аткарушы органға өкілеттік береді;

3) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді:

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

7) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

8) Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді:

9) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Кәсіпорынның органы болып, оның директоры сондай-ақ Жарғының 5- бөлімінде көзделген жағдайларда байқау кеңесі болып табылады.

18. Уәкілетті орган:

1) Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

19. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарына сай әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалған өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

20. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және нұскаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін; таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін; Кәсіпорының даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген баска да функцияларды жүзеге асырады.

21. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған темесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері.

22. Кәсіпорын байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Уәкілетті органға Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі. Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

5) кәсіпорынның директорын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, директорының, оның орынбасарларының, бас

бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді:

9) кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) уәкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

23. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

24. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, уәкілетті органының, байкау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын директорының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

25. Кәсіпорынның байқау кенесінің отырысы, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байкау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байкау кенесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

26. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байкау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

27. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

28. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

29. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы катысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

30. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен:

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

31. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

32. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

33. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

34. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік несі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

35. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу- сату айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

36. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

37. Кәсіпорын Әкімдіктің жазбаша келісімімен не уәкілетті органының келісім ұсынуы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

Кәсіпорын дебиторлық берешекті Әкімдіктің жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға, қарыз беруге құқылы.

38. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

39. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі Әкімдікпен өзгеше белгіленбесе, осы Жаргының 37 және 38 – тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

40. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

41. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

42. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

43. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады, мүлікті бухгалтерлік есеп кағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

44. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 470 479 880 (бір миллиард төрт жүз жетпіс миллион төрт жүз жетпіс тоғыз мың сегіз жүз сексен) теңге 33 тиынды құрайды.

9-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

45. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің уәкілетті органының немесе Әкімдіктің келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

47. Кәсіпорын, директордың, байқау кеңесінің, уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

48. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

49. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

Scanned with CamScanner

50. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын уәкілетті органы ұсынылған келісіммен Әкімдік белгілейді.

51. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

52. Кәсіпорының директоры, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін уәкілетті органы ұсынылған келісіммен Әкімдікпен белгіленеді.

12-тарау. Еңбек ұжымымен озара қатынас

53. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

13- тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату.

54. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе Әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Әкімдік жүзеге асырады.

56. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе Әкімдік қайта бөледі.

57. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алганда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

59. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Әкімдік енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Scanned with CamScanner

Приложение 24 к Постановлению
акимата города Астана № 106-3108
от 1 ноября 2022 года

Устав
Государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская станция скорой медицинской помощи» акимата города Астана

Глава 1. Общие положения

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская станция скорой медицинской помощи» акимата города Астана (далее - Предприятия) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Учредителем Предприятия является акимат города Астана (далее - Акимат).

3. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Акимат.

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление общественного здравоохранения города Астана» (далее - уполномоченный орган).

5. Полное наименование Предприятия: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская станция скорой медицинской помощи» акимата города Астана.

Сокращенное наименование Предприятия: ГКП на ПХВ «Городская станция скорой медицинской помощи» акимата города Астана.

6. Местонахождение Предприятия: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район «Есиль», улица Тұрар Рысқұлов, дом 8/1.

Глава 2. Юридический статус Предприятия

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

8. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

9.Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

10. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются

Scanned with CamScanner

совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности Предприятия

11. Предметом деятельности Предприятия является осуществление производственно-хозяйственной деятельности в области здравоохранения.

12. Целью деятельности Предприятия является оказание государственной услуги «Вызов скорой медицинской помощи» населению.

13. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) диспетчеризация вызовов и управление бригадами скорой медицинской помощи посредством информационных систем;

2) круглосуточное оказание своевременной и качественной скорой медицинской помощи в соответствии с протоколами диагностики и лечения;

3) оказание медицинской помощи больным и пострадавшим, обратившимся за помощью непосредственно на станцию скорой медицинской помощи;

4) обеспечение преемственности в работе с медицинскими организациями по оказанию скорой медицинской помощи населению;

5) оказание консультативной помощи медицинским организациям и населению по вопросам оказания скорой медицинской помощи;

6) извещение местных органов государственного управления здравоохранения и соответствующих органов обо всех чрезвычайных ситуациях и производственных травмах в зоне обслуживания станции скорой медицинской помощи;

7) участие в межсекторальном и межведомственном взаимодействии в ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций;

8) медицинское обеспечение, в том числе на платной основе культурно-массовых, общественных и спортивных мероприятий;

9) оказание платных медицинских услуг по транспортировке пациентов:

14. Предприятие не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и цели его деятельности, закрепленными в настоящем Уставе.

15. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску уполномоченного органа или уполномоченного органа по государственному имуществу, Акимата и прокурора.

Глава 4. Управление Предприятием

16. Акимат:

Scanned with CamScanner

1) принимает решения о создании, реорганизации и ликвидации Предприятия;

2) утверждает Устав Предприятия, вносит в него изменения и дополнения из или уполномочивает на это исполнительный орган, финансируемый местного бюджета, уполномоченный на распоряжение коммунальным имуществом;

3) закрепляет коммунальное имущество за Предприятием;

4) дает согласие на создание Предприятием филиалов и представительств;

5) принимает решения об использовании имущества Предприятия, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

6) организует учет имущества Предприятия, обеспечивает его эффективное использование;

7) по согласованию с уполномоченным органом утверждает ежегодно размер фонда оплаты труда Предприятия;

8) устанавливает размеры должностных окладов директора Предприятия, его заместителей и главного (старшего) бухгалтера, систему их премирования иного вознаграждения;

9) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

17. Органом Предприятия являются его директор, а также наблюдательный совет в случаях, предусмотренных главой 5 настоящего Устава.

18. Уполномоченный орган:

1) оформляет трудовые отношения с директором Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан;

2) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;

3) осуществляет контроль и анализ выполнения планов развития Предприятия;

4) определяет приоритетные направления деятельности и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета Предприятия;

5) обеспечивает контроль за использованием и сохранностью имущества Предприятия;

19. Директор Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой Законом и настоящим Уставом, если иное не предусмотрено настоящим Законом и уставом предприятия.

20. Директор:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

Scanned with CamScanner

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

8) представляет уполномоченному органу кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

9) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

10) несет персональную ответственность за:

финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия;

несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет;

результативность. и эффективность реализации плана развития Предприятия;

11) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

21. В случаях признания Предприятия банкротом или применения реабилитационной процедуры и назначения временного, банкротного или реабилитационного управляющего в порядке, установленном законодательным актом Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, все полномочия по управлению им переходят соответственно к временному, банкротному или реабилитационному управляющему.

Глава 5. Особенности управления государственным предприятием на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом

22. Наблюдательный совет Предприятия имеет следующие полномочия:

1) дает заключение уполномоченному органу по проекту плана развития Предприятия, по внесению изменений и дополнений в него;

2) согласовывает проект отчета о выполнении плана развития, предварительно утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;

3) принимает решение о распределении спонсорской и благотворительной помощи и средств, полученных из дополнительных источников, в том числе части чистого дохода, оставшегося в распоряжении Предприятия;

4) беспрепятственно знакомится с документацией Предприятия и его структурных подразделений для контроля целевого использования бюджетных средств и средств, полученных из дополнительных источников, и

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

вносит предложения уполномоченному органу для осуществления проверки целевого использования указанных средств;

5) согласовывает предложения уполномоченного органа по вопросам назначения директора Предприятия и расторжения трудового договора с ним;

6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления работникам, директору Предприятия, его заместителям, Уставному бухгалтеру надбавок к должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденных планом развития;

7) назначает, определяет срок полномочий и размер заработной платы секретаря наблюдательного совета, досрочно прекращает его полномочия:

8) вносит предложения уполномоченному органу о внесении изменений и дополнений в устав Предприятия;

9) вырабатывает предложения по приоритетным направлениям деятельности Предприятия;

10) вносит предложения уполномоченному органу об участии Предприятия в других юридических лицах;

11) вносит предложения уполномоченному органу по созданию и закрытию филиалов, представительств Предприятия.

23. Заседания наблюдательного совета Предприятия проводятся по мере необходимости, но не менее одного раза в квартал.

24. Заседание наблюдательного совета Предприятия может созываться его председателем по собственной инициативе, по требованию уполномоченного органа, члена наблюдательного совета или директора Предприятия.

25. Заседание наблюдательного совета Предприятия является правомочным если все члены наблюдательного совета извещены о времени и месте его проведения и на заседании присутствует более половины членов наблюдательного совета. Передача членом наблюдательного совета своего голоса другому члену наблюдательного совета или другому физическому лицу (по доверенности) не допускается.

26. Каждый член наблюдательного совета имеет при голосовании один голос. В случае равенства голосов решающим является голос председателя наблюдательного совета Предприятия.

27. Решения наблюдательного совета оформляются в письменной форме подписываются всеми членами наблюдательного совета.

Глава 6. Имущество Предприятия

28. Имущество Предприятия составляют активы Предприятия, стоимость которых отражается на его балансе.

29. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям), в том числе между работниками Предприятия.

30. Имущество Предприятия формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

31. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом деятельности.

32. Приобретение и прекращение права хозяйственного ведения осуществляются на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

33. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в хозяйственном ведении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в хозяйственное ведение Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

34. Право хозяйственного ведения на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает у Предприятия в момент закрепления имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

35. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

36. Право хозяйственного ведения на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных статьями 144, 154, 162 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе».

37. Предприятие вправе с письменного согласия Акимата представлению уполномоченного органа:

1) создавать филиалы, представительства;

2) выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц Предприятие вправе передавать и списывать дебиторскую задолженность, предоставлять займы лишь с письменного согласия уполномоченного органа или Акимата.

38. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве хозяйственного ведения.

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

39. Деньги, полученные от сделок с имуществом, указанным в пунктах 37 и 38 настоящего Устава используются Предприятием самостоятельно, если иное не установлено Бюджетным кодексом Республики Казахстан или Акиматом.

Глава 7. Финансирование деятельности Предприятия

40. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

41. Предприятие производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

42. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

43. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

Глава 8. Уставный капитал Предприятия

44. Размер уставного капитала Предприятия (на праве хозяйственного ведения) составляет 1 470 479 880 (один миллиард четыреста семьдесят миллионов четыреста семьдесят девять тысячи восемьсот восемьдесят) тенге 33 тиын.

Глава 9. Учет и отчетность Предприятия

45. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности Республики Казахстан и учетной политикой, утверждаемой директором Предприятия по согласованию с уполномоченным органом или Акиматом в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.

46. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

47. Предприятие с наблюдательным советом проводит аудит годовой финансовой отчетности, который может проводиться по инициативе наблюдательного совета, директора, уполномоченного органа за счет средств Предприятия.

Глава 10. Ответственность Предприятия

48. Предприятие отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом и не несет ответственности по обязательствам государства.

49. Государство не отвечает по обязательствам Предприятия, за исключением случаев банкротства, которое было вызвано действиями учредителя, уполномоченного органа по государственному имуществу или уполномоченного органа. этом случае государство отвечает по обязательствам Предприятия при недостаточности средств последнего для удовлетворения требований кредиторов.

Глава 11. Оплата труда работников Предприятия

50. Размер фонда оплаты труда Предприятия ежегодно утверждается Акиматом по согласованию с уполномоченным органом.

51. Формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, система премирования и иного вознаграждения определяются Предприятием самостоятельно в пределах установленного фонда оплаты труда.

52. Размеры должностных окладов директора Предприятия, его заместителей, главного (старшего) бухгалтера, система их премирования и иного вознаграждения устанавливаются Акиматом по согласованию с уполномоченным органом.

Глава 12. Взаимоотношения с трудовым коллективом

53. Взаимоотношения между администрацией Предприятия и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и коллективным договором.

Глава 13. Реорганизация и ликвидация Предприятия

54. Реорганизация и ликвидация Предприятия производятся по решению Правительства Республики Казахстан и Акиматом.

55. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия осуществляет Акимат.

56. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется Акиматом.

57. Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся

Scanned with CamScanner

после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

14. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

59. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносит Акимат или уполномочивают на это исполнительный орган, финансируемый из местного бюджета, уполномоченный на распоряжение коммунальным имуществом.